

Ленин

КК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 145
(6846)
1944 жыл
Жексенбі
23 июль
Жеке саны
20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Генерал-полковник МАСЛЕННИКОВҚА

3-ПРИБАЛТИКА майданының әскерлері орағыта маневр жасау және тікeden атака жасау әдістерін шеберлікпен ұштастыру нәтижесінде, бүгін, 21 июльде немістердің қатынас жолдарының ірі торабы және қорғану шебінің қуатты тіректі пункті, Прибалтиканың орталық аудандарына баратын жолдарға қамал болған ОСТРОВ қаласын тіке шабуылмен алды.

ОСТРОВТЫ алу ұрыстарында генерал-лейтенант РОМАНОВСКИЙДІН, генерал-лейтенант ЗАХВАТАЕВТЫН, генерал-майор ЕГОРОВТЫН, артиллерия генерал-майоры СТЕПАНЕНКОНЫН, генерал-майор МОЛЧАНОВТЫН, генерал-майор БЕЛОБОРОДОВТЫН, полковник МИРОНЕНКОНЫН әскерлері; артиллерия генерал-полковнигі КРАСНОПЕРЦЕВТИН, артиллерия генерал-майоры КУТЕЙНИКОВТЫН, полковник ЛЕОНОВТЫН зеңбірекшілері; танк әскерлерінің генерал-майоры КОЛОСОВТЫН, полковник ЖУКОВТЫН, полковник ИВАНОВИЧТИН, подполковник ЖИЛАНЫН, подполковник ФЕДОРОВТЫН танкшілері; авиация генерал-лейтенанты ЖУРАВЛЕВТИН, полковник ДОДОНОВТЫН, полковник АНДРЕЕВТИН, полковник ПОЛУШКОНЫН, подполковник ПОДМОГИЛЬНЫЙДЫН, подполковник КУЛИШТИН ұшқыштары инженерлік әскерлердің генерал-майоры ПИНЧЕВСКИЙДІН, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ЧЕПУРОВТЫН, полковник СЕРГЕЕВТИН саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-майоры СИНЕЛЬНИКОВТЫН, полковник КОРПЛЯКОВТЫН, полковник СОКОЛОВТЫН, майор КОСОВОКОВТЫН байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне ОСТРОВТЫ алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ОСТРОВ атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 21 июльде, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіректен онекі дүркін артиллерия оғын атып, ОСТРОВ қаласын алған 3-ПРИБАЛТИКА майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ОСТРОВ қаласын азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлерге, ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ

КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ И. СТАЛИН

1944 жылғы 21 июль.

Монғол Халық Республикасының басшы
қызметкерлерін КСРО ордендерімен
наградтау туралы

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы күрес жүргізіп жатқан Қызыл Армияға Монғол Халық Республикасында заттай көмек ұйымдастыру ісіндегі үздік еңбегі үшін төтенде аталғандар ордендермен наградталын:

ЛЕНИН ОРДЕНІМЕН

1. Монғол Халық Республикасының маршалы Хорлоон Чойбалсан
2. Юмжеин Цеденбал

3. Гончикин Бумаценде
- ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІМЕН
1. Чимитдоржин Сурунжаб
2. Сухебатонин Янжим
3. Дашин Дамба
4. Сономын Лупсан

- ҚЫЗЫЛ Жұлдыз ОРДЕНІМЕН
1. Жугдур Чойдок
2. Бато Тогмит
3. Зундуй Аюзан

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Председателі
КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Секретарі

М. КАЛИНИН.
А. ГОРКИН.

Москва, Кремль. 1944 жылғы 11 июль.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ ЕРЛІК ІСТЕРІ

Солтүстік Қазақстан облысындағы «Қабулақ» колхозының жігіті, сержант Рахтай Оспанов бір елді жер үшін болған ұрыста ерлік істеп, ерекше көзге түсті. Оның зеңбірегі дұшпан танктерінің атакасын тойтарып, жау әскерлеріміздің алға асуын қамтамасыз етті. Сержант Оспанов өзі жаудың екі танкін қыйратты және кі взводтай жау әскерін тозғындатты.

Оның зеңбірек расчетындағы жауынгерлер зеңбіректі жаңа шепке орналастырды да жауға нөсерлете оқ жаудырды. Жауынгерлеріміз жеңкіле кері шегінген дұшпанның көп солдаттары мен офицерлерін жер астантты.

Бұл ұрыста көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін жерлесіміз Оспанов III-дәрежелі Даңқ орденімен наградталды. Ақтөбе облысының жігіті, сапер Ергалиев қатты ұрыстардың бірінде дұшпанның нөсерлей жауған оғына қарамастан танкке қарсы қолданылатын 50 минаны көмді. Гитлершілдер танктерімен қарсы атакаға шығып, миалы алаңға тап болды. Олар екі танкінен айырылды да кері зытты.

Қазақ жігіті Ергалиев жауынгерлік тапсырманы ойдағыдай орындағаны үшін «Батырлығы үшін» медалімен наградталды.

Гвардия кіші сержант Әлібек Өсенбеков Қызыл Жұлдыз орденімен наградталған. Әлібек құралайды көзінен ататын мерген. Ол соңғы аз уақыттың ішінде 26 немісті ол дүниеге жөнелтті.

Әлібек Өсенбеков Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ленгер ауданының бұрынғы колхозшысы.

Соғыс-Теңіз Флотының қызыл флотшылары мен офицерлері! Жаудың теңіздегі қатынас жолдары а соккыны күшейте беріңдер! Жаудың кемелері мен транспорттарын су түбіне жіберіңдер! Теңіздерімізді фашист тонаушылардан тазартыңыздар! Гитлершіл басқыншыларды рахымсыз қырыңдар!

Кенестің соғыс теңізшілері жасасын!

Кеңес Соғыс-Теңіз Флоты— батырлар флоты

Еліміздің халықтары даңқты Соғыс-Теңіз Флоты күнін неміс-фашист басқыншыларға қарсы ұлы отан соғысы жағдайында төртінші рет өткізіп отыр. Біздің Соғыс-Теңіз Флотымыз Кеңестер Одағының қарулы күштерінің жауынгерлік қатарынан ерекше маңызды, хұрметті орын алады. Кеңес халқы, большевиктер партиясы, кеменгер көсеміміз Сталин жолдас еліміздің Соғыс-Теңіз Флотының қуатын болаттай берік нығайту үшін ерекше қамқорлық жасап, оны шынықтырды. Отанымыздың айбынды теңіздік флоты болуы үшін халқымыз қажірлі күш жұмсады, бұл міндетті орындау жолында кездескен қиыншылықтарға төтеп бере білді.

Елімізде қуатты теңіз флотын ұйымдастыру дегеніміз—қазіргі заманның озат техникасымен және айбарлы қару-жарақтарымен жабдықталған көптеген кемелер жасау ғана емес еді. Сонымен қатар, Соғыс-Теңіз Флотының жауынгер кадрларын даярлау ісі де ең негізгі күрделі міндеттердің бірі болды. Қазіргі заманның соғыс өнерін жете меңгерген, ұрыста батыл, батыр және қаһарман командирлер мен қызыл флотшыларды даярлау, оларды соғыс өнеріне тыңғылықты үйрету, тәрбиелеу ісі талап етілді. Бүкіл кеңес халқының үнемі қамқорлық жасауы және партиямыздың данышпандық басшылығы арқасында бұл аса зор міндет те мүлтіксіз орындалды.

Бүгін, қаһарман Соғыс-Теңіз Флотының дәстүрлі күні кеңес халқы мемлекетіміздің қуатты, айбарлы флот жасау үшін зор күш және зат-қаражат жұмсап келгендігінің тамаша нәтиже бергендігін қуанышпен атап көрсетіп, өзінің теңіздік қарулы күштерін сүйіспеншілікпен мақтанаш етеді.

Соғыс-Теңіз Флотымыз батыр Қызыл Армиямызбен бірлесе қыймыл жасай отырып, Отанымыздың намысы, бостандығы мен тәуелсіздігі үшін үш жылдан астам уақыттан бері жойқын ұрыс майдандарында қанішер жауға қарсы рахымсыз күрес жүргізуде. Сөйтіп батыр Қызыл Армиямыз бен бірлесе отырып, жеңіспен шабуыл жасауда және неміс қарақшыларға үсті-үстіне өлтіре сокқы беріп, зұлым жауды өкшелете кууда.

Ленин-Сталин партиясы тәрбиелеген, халқымыздың қаһармандық флотының жауынгерлік дәстүрінен үлгі-өнеге алған кеңес теңізшілері Жоғарғы Бас қолбасшы Кеңестер Одағының Маршалы Сталин жолдасының данышпандық басшылығымен өздерінің әскери борышын, халқымыздың хасиетті аманатын аброймен орындауда. Даңқты теңізшілеріміз майданда нелер ғажап ерлік істер істеп, неміс-фашист жауыздарға қый-

рата сокқы беруде.

Еліміздің қызыл флотшылары мен офицерлері соғыстың ауыр сынынан мүдірмей өтіп, флотымыздың даңқын арттырды. Теңізшілеріміз теңіздерде жүргізілген ұрыстардың тәжірибесін жете меңгеріп, фашист қарақшыларға қалтқысыз сокқы беру өнеріне жетілуде. Флотымыздың офицер кадрлары соғыс кезінде неғұрлым шынығып, жауынгерлік тамаша тәжірибені меңгерді.

Отан соғысының өткен кезеңі Соғыс-Теңіз Флотымыздың айбынды күш-қуатын, теңізшілеріміздің соғыс өнерін игеріп, шыныққандығын бүкіл әлем алдында тағы да бір рет салтанат етті. Неміс басқыншыларға қарсы ұрыстарда батыр теңізшілеріміздің көрмет ерлік көрсетіп, зор жеңістерге жеткендігі жөнінде отан соғысы майдандарынан күн сайын қуанышты хабар естиміз. Бұл ел ішіндегі еңбекшілерді майдан үшін, жеңісіміз үшін еселеген қарқынмен аянбай еңбек істеп, еңбек майданында жаңа зор табыстарға жетуге жігерлендіретүседі.

Кеңес соғыс флоты—батырлар флоты. Даңқты теңізшілеріміздің арасында Кеңестер Одағының нешеме ондаған батырлары бар. Солтүстік теңіз флотының қаһарман теңізшілері Қолышкинді, Гаджиевті, Лунинді және басқаларды бүкіл еліміз жақсы біледі, халқымыз олардың ерлік істерін мақтанаш етеді.

Бүкіл кеңес халқы Соғыс-Теңіз Флотымызға әрдайым қамқорлық жасап, оның жауынгерлік күш-қуатын арттыруда, флотымызды қазіргі замандағы озат соғыс техникасымен қаруландыруда, жексұрын жауға қарсы күресте жеңіске жету үшін теңізшілерімізді не хажеттің бәрімен тыңғылықты жабдықтауда. Кеңес теңізшілері халқымыздың бұл әкелік қамқорлығына лайық ерлік істер істеп, отан соғысы майдандарында неміс-фашист басқыншыларға үсті-үстіне қыйрата сокқы беруде.

Жеңісіміздің нұрлы таңы жақындап, келеді. Кеңес халқы бұл күнді неғұрлым тез деге тусу үшін еңбек майданында қажірлі күш-қайрат жұмсап, халық шаруашылығының барлық салаларында алуан-алуан жаңа табыстарға жетеді. Ел ішіндегі еңбекшілер өздерінің отан алдындағы хасиетті борышын аброймен өтеу үшін тынбай еңбек істеп, майданды азық-түлікпен, қару-жарақпен қамтамасыз етуде.

Кеңес елінің даңқты Соғыс-Теңіз Флоты жасасын!

Кеңес теңізшілері жасасын!

Еліміздің қарулы күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Кеңестер Одағының Маршалы кеменгер Сталин жолдас жасасын!

Жұмысшылардың қажірлі еңбегі

Резчик жолдас директор болып істейтін заводтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері барлық мүмкіншілікті пайдаланып июль айының 15 күндік жұмыс жоспарын толық орындады, сөйтіп ауыл шаруашылық машиналары үшін жоспардан тыс көп қосалқы бөлшектер өндірілді.

Глушков жолдас басқаратын цехтың коллективі июль айының өндірістік жоспарын орындауда зор табыстарға жету үшін көрнекті жұмыс істеп, күнделік тапсырмаларын әр дайым артығымен орындап келеді.

Раенко жолдас бастық болып істейтін цехтың жұмысшылары екінші жарты жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін жұмысқа қызу кірісіп июль айының 15 күндік жоспарын бір жарым есе артығымен орындады.

Стахановшы Юдин, Малахов, Макарова жолдастар өздерінің жұмыс тәжірибелерін жас жұмысшыларға үйретіп, оларды өнімді еңбек істеуге жумылдырды. Қазірді жас жұмысшы Бичурина, Космасова жолдастар күнделік жұмыс мөлшерін екі есе артығымен орындап жүр.

Яковлева жолдас басқаратын майдандық комсомол-жастар бригадасының мүшелері жексұрын жауды бір жолатта жеңу үшін стахановтық вахтаға тұрып, күнделік жұмыс мөлшерін 300—350 процент орындайды.

Завод коллективі екінші жарты жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындап, ауыл шаруашылық машиналары үшін жоспардан тыс көп бөлшектер өндіріп келеді.

Д. ЗЕБКОВ.

СОҒЫС УАҚЫТЫНЫҢ СТАХАНОВШЫЛАРЫ

Мамонтов жолдас директор болып істейтін заводта комсомол-жастардан ұйымдастырылған 54 бригада бар, олар заводта зор күш болып отыр. Заводтағы комсомол комитеті комсомол-жастар бригадаларының жұмыс қорытындыларын күн сайын шығарып отырады. Қазір заводтағы Димитрий жолдас басқарған бригада ауыспалы Қызыл туды үшінші рет алды. Сергей Фомин және

Юдин жолдастардың бригадалары екінші орынға, Лаптева және Никифорова жолдастардың бригадалары үшінші орынға ие болды. Бұл бригадалардың мүшелері үнемі 2, 5—3 мөлшер орындап келеді.

Олар соғыс кезінің үздік стахановшылары.

Т. БОТИН.

КЕҢЕС ХАБАРШЫ БЮРОСЫНАН

21 ИЮЛЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

КАРЕЛЬ майданында СУОЯРВИ қаласының солтүстік және батыс жағында әскеріміз шабуыл жасауда болды, бұл ұрыстың барысында 40тан аса елді жерді, оның ішінде КУДОМ-ГУБА, ГИНДЕНВАРА, ИЛЯНВАРА, ТЕРККЕЛЯ, СУОКОНТО, ЛЯЯРВИ, КИВИЯРВИ, СЕМЕИНКА, ИОУХИКАНСЕЛЬКА қыстақтарын алды.

3-ПРИБАЛТИКА майданының әскерлері орағыта маневр жасау және тікеден ақа жасау әдістерін шеберлікпен ұштастыру нәтижесінде, 21 июльде, қатынас алдардың үлкен торабы және немістердің қорғану шебінің тіректі бекінісі—ОС-РОВО қаласын тіке шабуылмен алды, сол сыяқты 150ден аса басқа да елді жерді, оның ішінде ВОЛКОВО, ОРЕХОВО-ГОРА, ЖИГУЛИХА, АСТРАТОВА, КРЮКО-Д, КОЛОМНИЦА, ТИШИНО, БОРОВСКАЯ, ЕЛЕНА, СЕМЕХИНО, ГАБРИ-КЕН қыстақтары мен ЧЕРСКАЯ, ДУЛОВСКАЯ, БРЯНЧАНИНОВО темір жол аңияларын ұрыспен алды.

БРЕСТ бағытында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, Брест облысының ДИВИН-ДАН орталығын, Волинскі облысының ШАЦКІ аудан орталығын алды, сол сыяқты Өден аса басқа да елді жерді, оның ішінде МЕЛЕЙЧИЦА, АЛЕСАНДРОВКА, ЭМИХОЧИ, СТАВЫ, ВЕРЬКОРИТА, ДУБЕЧНО, ОРЛЯНКА, РОГОЗНА, МЕД-А, ПИЩА үлкен қыстақтары мен НУРЕЦ, ПОЖЕЖЫН темір жол станцияла-рын ұрыспен алды.

ЛЮБОМЛЬ қаласының батыс жағында әскерлеріміз Батыс Буг өзенінің 60 метрлік өң бойынан өтті де өзеннің батыс жағалауында дұшпанның қарсылығын жіп, 15 километрдей алға басты, сөйтіп 50ден аса елді жерді, оның ішінде ЗБЕ-ЖЕ, СТУЛЬНО, КОСЫНЬ, МАЦОШИН, БЫТЫНЬ, БУКОВО-ВЕЛЬКЕ, ТРУСКИ, СЕДЛИЩЕ, РУДКА, ЖАЛИН, СВЕЖЕ, ДОРОГУСКИ, ГУССЫННЕ, КАНЫКА, ДУБЕНКА үлкен қыстақтары мен УГРУСКИ ДОРОГУСКИ темір жол аңияларын алды. Әскерлеріміз БРЕСТ—ХОЛМ темір жолы мен тас жолын кесіп-ті.

ВЛАДИМИР-ВОЛЫНСКИ қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, Волинскі облысының аудан орталығы УСЬТИ-УГ қаласын алды, сол сыяқты 100ден аса басқа да елді жерді, оның ішінде МДРАЙКА, ЧЕРНИКОВ, ЛУДЗИН, МЛЫНИСКА, ГОЛУБЕ, ВЕТНУВ, ВАСИ-ЮВ, ТЕЛЯТЫН, ПОСАДУВ, ПОДЛЕДУВ, ШЛЯТЫН, ХОДЫВАНЦЕ үлкен қыс-қтары мен УСЬТИЛУГ, ИЗУВ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

ЛВОВ бағытында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын ойдағыдай жүргізуде болды, л ұрыстардың барысында 100ден аса елді жерді, оның ішінде УГНЕВ, ЖУРАВ-Ы, ЛЮБЫЧА, КРУЛЕВСКА, ВЕРХРАТА, ПОТЫЛИЧ ПОМЛЫНУВ, ВИОНЗО-А, ЗАШКОВ, ЛЯХОДОВ, СВИРЖ, ЖУКОВ, ГРАБКОВЦЫ, ЗБОРОВ, ЦЕ-ЮВ, үлкен қыстақтары мен УГНЕВ ЗЕЛЕНА, ЛЮБЫЧА, ГРЕБЕННЕ, ВЕРХРА-А, КАМИОНКА темір жол станцияларын алды.

БРОДЫ қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның қоршауда-лған әскер тобын жою үшін ұрыс жүргізіп, қоршау шеңберін қысты, сөйтіп ЗА-ОМЖЕ, ПОДЛЕСЬЕ, ЖУЛИЦЫ, БЕЛЗЕЦ, ПЕТРЫЧИ қыстақтарын алды. ыстардың барысында дұшпан адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шы-нға ұшырауда. Немістердің 2.000нан аса солдаты мен офицері қолға түсірілді, 1удан 100ден аса зеңбірек қолға түсірілді.

ТАРНОПОЛЬ қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның қар-ылығын жеңіп, Тарнополь облысының БУЧАЧ, КОЗОВА, БОЛТНИКИ аудан ор-лықтары мен темір жол станцияларын алды, сол сыяқты 30тан аса елді жерді, ының ішінде ЛЕНЧУВКА, МОНДЗЕЛЮВКА, КУРДВАНУВКА, ЕЗЕЖАН, ЗУБ-ЕЦ, СОКОЛОВ, ЯЗЛОВЕЦ, ДУЛИБЫ үлкен қыстақтары мен КОЗОВА, темір-ол станциясын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

20 июльде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 95 танкін қыйратты, ыйды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 78 самоләті атып-сірілді.

* * *

Карель майданындағы Суоярви қаласы-ң батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен-ға басты. Н. құрамасының бөлімдері-ағыта маневр жасап, дұшпанды Суоярви-ліне қарай ығыстырды да 500дей финді-арды. Жаудан 38 пулемет 86 автомат-н 300ден аса винтовка қолға түсірілді. інші бір учаскеде кеңес жауынгерлері-шпанның аралық қорғану шеңберін орап-ып, финдердің екі ротадй солдаттары-н офицерлерін жойды.

* * *

3-Прибалтика майданының әскерлері-нде Остров бағытында шабуылға шығып, імстердің солтүстік учаскесінің қорғану-аңындағы «Пантер» деп аталатын шебі-н зып өтті. Әскерлеріміз табысты баянды-е отырып, немістердің қорғану шебінің-ітті бекіністі торабы Остров қаласын ті-шабуылмен алды. Н. құрамасының жа-нгерлері Остров—Двинскі тас жолына-етті де жауға батыл атака жасап, дұш-нды қуып тастады, сөйтіп Брянчянинно-темір жол станциясын алды. Станция-ін болған ұрыстардың барысында 400-тлершіл жойылып, жаудың 200дей ада-лға қолға түсірілді. Дұшпаннан көп олжа-лға түсірілді. Бөлімдеріміз Ляжа өзені-н өтіп, дұшпанның бір полктей жаю-керін талқандады.

* * *

Любомль қаласының батыс жағында-керлеріміз кең майданда Батыс Буг өзе-нен өтті. Кеңес бөлімдері өзеннің батыс-ақ жағалауында дұшпанның қатты қар-ылығын жеңіп, ұрыспен алға басты да-ден аса елді жерді алды. Н. бөлімінің-ауынгерлері бір батальондай немістерді-рып салып олардың 2 танкін, 31 зеңбі-гі мен оқ-дәрі қойылған 10 складын-лға түсірді. Екінші бір бөліміміз дұшпан-ың бекініс ауданында неміс гарнизоны-н ыршап алып, оны жойды. 160 неміс қа-ын тастап қолға берілді. Жаудан өзді-нен жүретін 2 зеңбірек пен 18 дала зең-бегі, 21 миномет, оқ-дәрі қойылған 5-лад тағы басқа олжа қолға түсірілді. Кеңес ұшқыштары әуе ұрыстарында не-

містердің 26 самоләтін атып түсірді.

* * *

Владимир-Волинскі қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз Батыс Буг өзенінен өтті де 30 километрдей алға-басты, сөйтіп Подледув үлкен қыстағын-алды. Әскерлеріміздің шабуылдан тоқтатуға-әрекеттенген неміс бөлімдері талқандалы-нып, батысқа қарай жөңкіле кері шегінуде. Жаудан 300ден аса адам және көп олжа-қолға түсірілді.

* * *

Львов бағытында әскерлеріміз ойдағыдай-шабуыл жасауда. Дұшпан бір таудық ат-қыш дивизиясын, екі жаяу әскер дивизия-сы мен таңқ бөлімін алып келіп, Львов-тың іргелерін бүркемелеп тұрған әскер то-бын күшейтті. Алайда, кеңес әскерлерінің-берген қатты соққысына төтеп бере алмай-немістер бекіністерінің бірінен соң бірінен-айырылуда. Львов қаласының солтүстік-жағындағы ауданда немістердің 357-жаяу-әскер дивизиясы мен 509-дербес танк ба-талыоны тегіс талқандалды. Дұшпан бір-күнде 60тан аса танкінен айырылды.

Ушқыштарымыз немістердің шоғырлан-ған әскерлеріне соққы беруде болды. Күн-тәулік ішінде немістердің 18 самоләті атып-түсірілді.

* * *

Қызылтулы Балтық флотының ұшқыш-тары дұшпанның үш күзет кемесін, траль-щикі мен 7катерін суға батырды. Жаудың-тағы басқа бірнеше кемесі қатты зияндал-ды. Әуе ұрыстарында немістердің 8 самол-еті мен бір бөгеу аэростаты атып түсіріл-ді.

* * *

Белорусияның бір ауданында қыймыл-жасаушы Суворов атындағы партизан от-ряды дұшпанның ту сыртында бірнеше кө-пірді талқандады. Кеңес отаншылары қат-ты ұрыста немістерді орасан көп шығынға-ұшыратып, жаудың 160 адамын қолға тү-сірді. Екінші бір ауданда кеңес отаншыла-ры немістердің бір танкін, 7 автомашина-сын талқандап, бір ротадй гитлершілдер-ді жер жастантты.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Үгіт-нәсихат жұмысын мейлінше күшейтейін

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы ұлы отан соғысы кезінде коммунистер мен комсомолецтердің саяси-идеялық білім дәрежесін неғұрлым арттырудың маңызы ерекше зор. Әрбір коммунист пен комсомолец ұлы отан соғысының саяси маңызын жұртшылыққа жете түсіндіре біліп, еңбекшілерді майдан үшін, жеңісіміз үшін еселеген жігермен еңбек істеуге жігерлендіре білуге тиіс. Демек олардың өндірістегі ұйымдастырушылық ролі, істеген қажірлі еңбегі осы тұрғыдан бағаланады.

Еңбекшілердің саяси сана-сезімін анағұрлым арттыру—партия ұйымдарының аса ардақты әрі зор міндеті. Бұл міндетті орындау жөнінде Петропавл қалалық партия ұйымы едәуір жұмыстар істеді. БК(б)П Орталық Комитетінің партия ұйымдастырушысы Бысов жолдас басқарған завод партия ұйымы жұмысшылар арасында саяси-тәрбие жұмысын шын мәнінде ұйымдастырды, сөйтіп саяси-көпшілік жұмысын өндірістік жоспардың мүлтіксіз орындалуымен ұштастыра жүргізді.

Бұл бастауыш партия ұйымы заводы 8 үйірме ұйымдастырды. Әрбір үйірмеге 134 адам қамтылды. Олар Сталин жолдастың бірінші майдағы тарихи бұйрығын тыңғылықты үйренді. Қазір үйірмеде оқытатын 45 коммунист, 60 комсомолец және партияда жоқ 17 актив «БК(б)П тарихы» қысқаша курсының» VII-тарауын үйреніп жүр. Әресе Алексеевский және Қорж жолдастар басқарған үйірмелердің жұмысы көрнекті болып отыр. Бұл үйірмелерде оқуға қатысушы жолдастар тыңғылықты әзірленіп, өткен уақытта оқылған тақырыптарды егжей-тегжейіне дейін ойдағыдай пысықтайды.

Партия ұйымы завод жұмысшылары арасында үгіт-нәсихат жұмысын пәрменді түр-

де жүргізіп, оны жоғары дәрежеге көтерді. Заводтың таңдаулы стахановшылары, майдандық бригадалар мен сменалардың үлгілі іс тәжірибелерін жұртшылық игілігіне айналдыра білді. Осы сыяқты, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар мерзімінде шығарылады. Бұларда жетістіктер атап көрсетіліп, елеулі кемшіліктерді дереу жоюдың шешуші шаралары белгіленеді.

Прозоров жолдас секретарь болып істейтін партия ұйымында істің жайы бұдан тіпті өзгеше. Мұнда коммунистер мен комсомолецтердің саяси-идеялық білім дәрежесін арттыру, жұмысшылар мен қызметкерлер арасында саяси-көпшілік жұмысын күшейте түсу ісі айтарлықтай емес. Қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар сирек шығарылады, алдыңғы қатарлы маңдайалды жұмысшылардың өндірістегі жұмыс тәжірибесі көпшіліктің игілігіне айналдырылмайды.

Айта кету керек, жоғарыда көрсетілген елеулі кемшіліктерді іс үстінде жойып, еңбекшілер арасында саяси-көпшілік жұмысын негізінен жақсарту, коммунистер мен комсомолецтердің саяси-идеялық білім дәрежесін арттыру жөнінде қаладағы өнеркәсіп аудандық партия комитетінің үгіт-нәсихат бөлімі (менгерушісі Андреев жолдас) нақтылы ештеңе істей алмай отыр.

ҚК(б)П өнеркәсіп аудандық комитетінің үгіт-нәсихат бөлімі мен бастауыш партия ұйымдарының басшылары бұдан тиісті қортынды жасауы керек, сөйтіп коммунистердің саяси-білім дәрежесін мейлінше арттырып, өнеркәсіп орындарында саяси-көпшілік жұмысын бүгінгі күннің талабына сай өрістетуге тиіс.

О. ЕРАЛИН,

ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің нұсқаушысы.

ҚЛКЖО ОБКОМІНІҢ VIII ПЛЕНУМЫ

18—19 июльде ҚЛКЖО обкомінің VIII пленумы болып өтті. Пленумда БЛКЖО Орталық Комитеті XII пленумының «Деревня комсомольцын таяу арадағы міндеттері туралы» қаулысының орындалуы және жастарды тәрбиелеу жөнінде мәселелер қаралды.

Бірінші мәселе бойынша ҚЛКЖО обкомінің секретарі Маслещова жолдас баяндама жасады. Ол өзінің баяндамасында XII пленумының қаулысын орындауда бірталай жұмыс істеген комсомол ұйымдарының іс тәжірибесін айтты. Көктемгі егіс кезінде жұмыстың шешуші учаскесінде 2650 комсомолец жұмыс істеді. 152 комсомолец мол өнімшілер звеносын басқарды. Жүздеген комсомолецтер егіс кезінде қажірлі еңбек істегені үшін бағалы сыйлықтар алды.

Баяндамашы мұнымен бірге облыс комсомол ұйымдарының жұмысында болып өткен елеулі кемшіліктерге тоқталды. Осы уақытқа дейін пленум қаулысы 185 бастауыш комсомол ұйымында талқыланбаған. 3062 комсомолец бұл қаулыны талқылаудан сырт қалған.

Маслещова жолдас XII пленум қаулысын орындау жөніндегі нақтылы шараларды айта келіп, ауыл-деревня жастары арасында саяси-көпшілік жұмысын неғұрлым күшейту хәжет екендігін атап көрсетті.

Баяндамадан кейін жарыс сөз басталды. ҚЛКЖО Мамлот аудандық комитетінің секретарі Свежинина жолдас өзінің сөзінде:

—Орталық комсомол комитеті XII пленумының қаулысын орындауды, бастауыш комсомол ұйымдарын нығайтудан бастадық, —деді.—Егіс кезінде бірсыпыра комсомол ұйымдарының қатары едәуір өсті. Аудан егіс жұмысын табыспен аяқтады. Мұнда комсомолец-жастардың зор үлесі бар. Комсомол-жастардан құралған 10 звено 260 гектар тұқымдық учаскені өз қамқорлығына алып, күтті. Комсомол-жастардан құралған 8 трактор бригадасы 4200 гектар орнына, 4500 гектар жер жыртып. Қазір комсомолец-жастар пішен шабу, егінді баптау және егін жыйнауға әзірлену ісіне белсене қатысып жүр. Бұл саяси-көпшілік жұмысын ойдағыдай ұйымдастырудың нәтижесі. 342 үгітші-комсомолец бар. Олар 65 қабырға газетін, 345 жауынгерлік листок шығарды. Мұнымен қатар, мәдениет бригадаларының күшімен колхозшыларға 120 концерт берілді.

Сөз алып сөйлеген Кочегарова жолдас кейбір комсомол қызметкерлерінің өндірістік жұмыста жастарға тиісті көмек көрсетпейтінін қатты сынға алды. Булаев ауданындағы «Гигант» колхозында комсомол-жастардан құралған мол өнімшілер звеносы бар. Алғашқы кезде бұл звеноға көмектесу хәжет болды. Бірақ аудандық

жер бөлімінің агрономы, ҚЛКЖО аудандық комитетінің бюро мүшесі Садовникова жолдас звеноның жайын толық біле тұра, оған көмектесуді хәжет деп таппады.

Пленумда сөйлеген жолдастар облыстық комсомол комитетінің жұмысын қатты сынға алды.

Бастауыш комсомол ұйымдарына басшылық жасауда облыстық комитет айтарлықтай ештеңе істей алмады. Жұмыстың қандай саласында болсын активтер шешуші күш,—деді, пленум мүшесі Прокопьев жолдас.—Алайда ҚЛКЖО облыстық комитеті пленум мүшелері жөнінде мүлде ұмытып кетеді, оларға тапсырма бермейді, жұмысы мен таныспайды. Тіпті кейде пленум мүшелерінің қайда екенін де білмейді.

ҚЛКЖО Соколов аудандық комитетінің секретарі Федоров жолдас өзінің сөзінде былай деді—облыстық комитеттің кейбір қызметкерлері аудан орталығына келеді, бірақ олар колхоздарда оқта-текте ғана болады, жастар арасында саяси-тәрбие ісін күшейтуге жәрдемдеспейді, тек ғана кейбір мәліметтерді жазып алып кете барады.

ҚК(б)П облыстық комитетінің үгіт-нәсихат жөніндегі секретарі Пильгук жолдас сөз сөйлеп, комсомолец-жастар арасында саяси-тәрбие жұмысын мейлінше жақсарту хәжет екендігін пленумға қатысушылардың ерекше назарын аударды.

—Жастарға тәрбие беру үшін сіздер іскерлік қабілетіңіз бен біліміңізді неғұрлым арттыруға тиістісіздер. Сонымен қатар, мол өнімші звенолардың тәжірибесін жұртшылыққа кеңінен жаю керек, колхозшыларды еңбек күн мөлшерін мүлтіксіз орындауға жұмылдыра білу керек,—деді Пильгук жолдас. Ол комсомол қызметкерлерін жастардың барлық күшін егін жыйнауды үлгілі өткізу ісіне жұмылдыруға шақырды.

Екінші мәселе бойынша ҚЛКЖО облыстық комитетінің кадр жөніндегі секретарі Максимов жолдас баяндама жасады.

Бұл мәселе бойынша облыстық оқу бөлімінің менгерушісі Беев, ҚЛКЖО обкомінің пленум мүшелері—Мингалев, Парик, Данилов, облыстық комитеттің есеп-санақ бөлімінің менгерушісі Шубкина, ҚК(б)П Преснов аудандық комитетінің секретарі Шаймерденов және басқа жолдастар сөз сөйледі.

Пленумда қаралған екі мәселе бойынша тиісті қаулы қабылданды.

Пленум басқа қызметке ауысуына байланысты, Мусабаева және Кундеренко жолдастарды ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретарьлығы міндетінен босатып, Периев жолдасты ҚЛКЖО обкомінің үгіт-нәсихат жөніндегі секретарі, Зинин жолдасты соғыс жұмысы жөніндегі секретарі және Максимов жолдасты кадр жөніндегі секретарі етіп бекітіп, бюро мүшелігіне сайлады.

ПІШЕН ШАБУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫН ЕСЕЛЕП КҮШЕЙТІП, ЕГІН ЖҰЙНАУҒА ТОЛЫҚ ӘЗІРЛІКПЕН КІРІСЕЙІК!

ГЕКТАР ҚАРА БИДАЙ ОҒЫЛДЫ

ЛОВКА. (Өз тілшімізден). Шажов председателі болып істейтін «По-» ауыл шаруашылық артелі қара руды ауданда бірінші болып бас- олхозда алғашқы екі күнде 2 ло- мен 21 гектар қара бидай орыл- а бидайдың өнімі тамаша жақсы. ылар қара бидайдың әрбір гекта- 00 пұт өнім алмақ. Олар егіннің аңғылықты бақылап, піскен егіннің тұрып қалмауы үшін күш жұмсау-

бидайды оруға кіріскен «Память колхозында—21 гектар, Молотов ы колхозда—14 гектар, Ленин ы колхозда—7 гектар қара бидай Қара бидайды оруға Күйбышев ы, Киров атындағы және «Красное олхоздары да кірісті.

1 ТАҢДАП ОРУҒА КІРІСТІ

в ауданының кейбір колхоздарында жұмысын жаппай өрістетуге үшін жұмысы қызу. «Вторая пятилет- едседателі Симинский жолдас), Ка- тундағы (председателі Машинис- тдас) және «Комсомол» (председа- ріпов жолдас) ауыл шаруашылық әрі егіннің піскен жерлерін тандап ірісті.

олхоздар қара бидайды оруға кі- бірге, комбайнмен орылатын алаң- комбайнның қалтқысыз жүруіне жатыр.

ГІН ОРУ ӨРІС АЛУДА

ЛЮБОВО. (Өз тілшімізден). Прие- танының бірсыра колхоздарында ідайдың піскен жерлерін тандап мысы басталды. Тельман атындағы аруашылық артелінде (предсете- шенко жолдас) алғашқы күні ірік- 5 гектар қара бидай орылды. Қай- ды оруға кіріскен «Красный интер- л» ауыл шаруашылық артелінде датеі Бутаков жолдас) егіннің піс- рлерін тандап ору жұмысы күннен- ріс алу. Бұл колхоз бүгін Прие- Снан өзіне белгіленген комбайнды елді.

ННІҢ АРАМ ШӨБІ ТОЛЫҚ ОТАЛДЫ

ЕВО. (Өз тілшімізден). Булаев а- Стаханов атындағы ауыл шаруа- артелінің мүшелері майдандық екі с күндерінде ауыл шаруашылық ырының қарқынын үдете түсті. нәтижесінде, бұл колхозда барлық м шөптен толық тазартылып бол- гектар дәнді егіс пен екі гектар ың арам шөбі оталды. н арам шөбін отау жұмысын «Сво- уыл шаруашылық артелі де толық .

олхоздар қазір егінді ысырапсыз, ьрзімде жыйнап алуға тыңғылықты п жатыр.

АНАНЫҢ ҚАЖІРЛІ ЕҢБЕГІ

ғайың» ауыл шаруашылық артелі- нин ауданы) мүшесі Тоқбала Төле- ың жасы 80ге келін қалды. Ол са да соғыс кезінде қоғамдық ең- елсене қатынасып жүр. Ұлын май- гандыларда Тоқбала оған мынадай тапсырған еді:

умен арыстанша алыс! Жаудан ыздың жерін ойрандағаны және ыз қарттар мен қыршын жастарды ны үшін аяусыз кек ал! Ана сүтін л мен қартпын деп қарап отырмас-

ла ардақты ұлы—майдан жауынгер- ген сертін орындауда. Ол быйыл өспірімнен звено ұйымдастырып, арам шөбін отау жорығында олар- ылық етті. Звено мүшелері күніне ышпер орындап, 850 гектар егіннің шөбін отады. Колхоз басқармасы ісқарған звеноның жұмыс сапасын » деп қабылдады.

ла қарттың қазір 250ден аса ең- і бар.

Е. БИМЕНДЕ.

Совхоз комбайншыларының үндеуіне жауап

Интернационал машина-трактор станция- сының (Мамлют ауданы) комбайн жөндеу- шілері егін жыйнауға қызу әзірленуде. МТС мастерскойның жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, мамандары мен қызмет керлері өздерінің алдына—егін орағын бар- лық жағынан толық әзірлікпен қарсы алып, егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнау және колхоздардың бірінші пары- зы—мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындауына көмектесу міндетін қой- ып отыр.

МТС мастерскойында жұмыс күні-түні қызу жүргізілуде. Комбайншылар комбайн- дарды және басқа да жай машиналарды дер кезінде жөндеп болу үшін, өзара со- циалистік жарысқа түсті.

Совет астық совхозы комбайншыларының үндеуін талқылап, комбайншылар бірінші- августқа дейін 29 комбайнды толық жөн- деп шығуға, онда әсіресе жөндеу сапалы- лығын анағұрлым арттыруға уәде берді. Қазір бұл МТС-та 17 комбайн сапалы түр- де жөнделді.

Машина трактор станциясының Понома-

рев және Журба сияқты тандаулы ком- байншылары өздеріне арттырылған міндет- темелер алды. Булар «Сталинец» комбайны мен кем дегенде 1000 гектардан егін жый- науға, егіннің ысырабына жол бермеу мак- сатымен өздерінің комбайндарына дән тұт- қыш орнатуға және жанармайдың 10 про- центін үнемдеуге міндеттенді. Олар бұл міндеттемелерін іс жүзінде орындайды.

—Өткен жылы,—дейді Пономарев жол- дас,—мен «Сталинец» комбайнымен тәулі- гіне 45 гектардан егін ордым. Егін ору жұ- мысында 5 колхозға көмектестім. Быйыл жұмысты бұдан да жақсы істеймін.

МТС комбайншыларымен бірге мастер- ской жұмысшылары да Совет совхозы ком- байншыларының үндеуін қолдап, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алды. Олар егін жыйнау кезінде тәулік бойына жұмыс істеуге, егін даласында бүлінген машинаны дереу жөндеуге, сөйтіп, комбайндардың күшін сарқа пайдалануда комбайншыларға үлкен қолғабыс тигізуге уәделесті.

Г. БЕКТЕМІРОВА.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ПРОДУКТЫЛАРЫН ДАЙЫНДАУҒА ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕНЕЙІК

Облыстық кеңес аткомінің мәжіліс за- лында дайындау ұйымдары қызметкерлері- нің облыстық мәслихаты болып өтті. Егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруда дайындау орындары қызметкерлерінің мін- деттері туралы Дайындау Халық Комис- сариатының өкілі Маслов жолдас баянда- ма жасады.

Баяндамашы ауыл шаруашылық продук- тыларын дайындаудағы кейбір табыстар- мен бірге, дайындау орындарының жұмы- сындағы кемшіліктерді қатты сынға алды. Өткен жылы мемлекетке астық тапсыруда дайындау орындарының қызметкерлері жұ- мыста икемсіздік көрсетті. Дайындау Ха- лық Комиссариатының аудандық өкілдері астықтың орынсыз жұмсалыуына және ыс- рапқа ұшырауына қарсы жеткілікті күрес жүргізбеді. Колхоздың ішкі қажетіне мем- лекетке тапсырған астықтың 15 проценті- нен көбі жұмсалды. Полудень ауданындағы «Екпінді» колхозында (председателі Дүй- сенбаев жолдас) мемлекетке астық тапсыр- май тұрып, 14 центнер астық жұмсалып кетті. Бұл сияқты факты, Булаев ауданы- ның «Волна», «Красная крепость», «Боль-

шевик», Соколов ауданының «Соцсоревно- вание» колхоздарында да болды.

Маслов жолдас дайындау орындары қызметкерлерінің алдында тұрған міндет- терге тоқталды.

Астықты дұрыс қабылдап, оны ұқыпты сақтау жөнінде Заготзерноның облыстық конторының бастығы Терентьев жолдас ба- яндама жасады. Ол баяндамасында өткен жылғы кемшіліктерді быйыл қайталамау үшін, астық қабылдауға үлгілі әзірленіп, астықтың ұқыпты сақталуын қамтамасыз ету ерекше маңызды міндет екенін айтты. Мүнымен бірге астық тасушыларды моде- рниетті қамту жөнінде дайындау ұйымдары қызметкерлерінің алдына нақтылы міндет- тер қойды.

Баяндамалар бойынша 29 адам сөз сөй- леді. Мәслихатта ҚК(б)П обкомінің секре- тарі Қонин жолдас сөз сөйлеп, дайындау ұйымдары қызметкерлерін астық қабыл- дауға мұлтіксіз әріленіп, игілікті істер іс- теуге шақырды.

Мәслихатта 1944 жылы ауыл шаруашы- лық продуктыларын дайындау ісін ойда- ғыдай өткізу жөнінде нақтылы шаралар белгіленді.

Мал құнарлы азықпен қамтамасыз етілсін

МАМЛЮТКА. (Өз тілшімізден). Айбын- ды Қызыл Армияның тамаша жеңісімен жі- герленген, Мамлют ауданының алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылық артельдерінің мүшелері қоғамдық малға азықты толық дайындау үшін, қажірлі еңбек етуде. Осы- ның нәтижесінде Каганович атындағы (председателі Гаршенков жолдас), «Путь Октября» (председателі Тепляков жолдас) ауыл шаруашылық артельдері пішен шабу жоспарын орындауға жуық. Каганович атындағы колхозда 14 мың центнер пішен шабылып, маяға салынды. «Новый свет», «Сталинец» және «12 лет Октября» кол- хоздары пішен шабу жұмысын қызу жүргі- зумен бірге, шабылған пішенді мал қорал- рына тасу жұмысын да ойдағыдай ұйым- дастырды. «Новый свет» ауыл шаруашы- лық артелінде мал қораларына 1974 цент- нер пішен тасылып, үйілді.

Алайда, ауданның кейбір колхоздары пішен шабу қарқынын майдандық екі он- күндік кезінде де өрістете алмай келеді. «Завет Ильича» ауыл шаруашылық арте- лінде (председателі Кашенов жолдас) не- бары 2077 центнер пішен шабылды. Бұл жоспардың тек 25 проценті. «Новая жизнь» ауыл шаруашылық артелінде пішен шабу жоспары 50 процент ғана орындалды. Істің

жәйі «От-вела» колхозында да осындай. Мұнда бар болғаны 1960 центнер ғана пі- шен шабылды.

Кейбір колхоз басшыларының жұмысты ойдағыдай ұйымдастыра алмауы салдары- нан, пішен шабу қарқыны ауданда айтар- лықтай емес. Аудан колхоздарында пішен шабу жоспары 39,2 процент ғана орындал- ды.

Мал азығының жеткіліксіз болғандығынан «Қызыл байрақ» және «Индустрия» ауыл шаруашылық артельдерінде мал қыстату ісі қиынға түскен еді. Бірақ бұл колхоз- дардың басшылары өздерінің өткен жылғы қателіктерінен быйыл да тиісті қортынды шығармай, колхозды басқаруға өздерінің икемсіздігін көрсетті.

Ендігі жерде пішен шабу жұмысының мұншалықты бауу болуына түзуге болмай- ды. Қазір мал азығын жеткілікті мөлшерде дайындаудың дер кезі. Сондықтан да ҚК(б)П обкомі мен облыстық кеңес атко- мі колхоздардың алдына пішен шабу жос- парын бірінші августқа дейін сөзсіз оры- нау міндетін қойып отыр. Бұл міндетті іс жүзінде орындау—Мамлют ауданының басшылары мен колхоз председателдері- нің кезек күттірмейтін ісі.

Пішен сүрлеу жоспары артық орындалды

Приешім ауданындағы «1-май» ауыл ша- руашылық артелінің мүшелері (предсете- ді Котляров жолдас) колхоздың қоғамдық малын қысқы азықпен толық қамтамасыз ету үшін, белсене еңбек етуде. Мұнда пі- шен шабу жоспарының орындалуы аудан- ның барлық колхоздарынан артық, болып отыр.

Колхоздың мал өсірушілері малдың

қысты күні бағылатын орындарын толық жөндеп болды. Қазір олар жаңадан қой қорасын садып жатыр. Мал өсірушілер өз- дерінің бос уақыттарын пайдаланып, мал қоралары жанына 900 центнер пішен та- сып, үйді. Жоспар бойынша 120 тонна пі- шен сүрлеу орнына, 125 тонна пішен сүр- леп, тапсырманы артығымен орындады.

М. СӘЛМЕНОВ.

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Алдыңғы қатарлы паровозшылар

Петропавл депосының паровозшылары отан алдындағы борышын аброймен ақтау- да.

Машинашылар тапсырманы ойдағыдай орындап келеді. Олар бірінші жарты жыл- дың өндірістік жоспарын едәуір артығымен орындап, көрнекті табыстарға ие болды.

Бас машинашы Чевышалов жолдастың бригада мүшелері Бүкілодақтық темір жолшылар күні қарсаңында зор табыстар- ға жету үшін қажірлі еңбек істеп, поез- дың жылдамдығын 2—3 километр арттыр- ды, сөйтіп тәуліктік жылдамдықты 650— 700 километрге жеткізді және ай сайын 25—30 тонна көмір үнемдеді.

Бас машинашы Ефремов жолдас басқар- ған паровозшылар бригадасы әр сапарда поездың техникалық жылдамдығын 3—4 километрге дейін арттырып отырады. Жеңіл салмақты поездың тәуліктік жүру жылдам- дығын орта есеппен 750 километрге жет- кізеді.

Машинашының көмекшісі Полекина жол- дас социалистік жарыста алған міндетте- месін аброймен орындауда. Ол поездың техникалық жылдамдығын сағатына 2 ки- лометрге дейін арттырды және бірінші жарты жылдықта 100 тонна көмір үнемде- ді.

Стахановшы Ефремова, Попова және Рабцова жолдастар аябай еңбек істеп, күнделік жұмыс мөлшерін 2—3 есе артығы мен орындап жүр.

И. ИВАНОВ.

МЕНИ СЕРТІМ

1939 жылдың жазында Петропавл темір жол бөлімінің депосына көчегар болып жұ- мысқа орналастым. Бұл жұмысты зейін сала істедім. Паровозды жүргізу өнерін меңгеру үшін талапталдым, сөйтіп жұмыс- тан бос уақытта осы мамандықты үйрен- дім.

Екі айдан кейін машинашының көмекшісі болып белгілендім. Бұрынғыдан да белсене жұмыс істеп, тапсырманы толық орында- дым. Жұмыстан тыс уақытта паровозды жөндеу ісіне қатыстым.

Машинаны жүргізу өнерін толық меңгеру үшін күш жұмсадым. Осының нәтижесінде 1941 жылдан бері бас машинашы болып қызмет істеп келемін. Тапсырылған міндет- ті аброймен орындау үшін жұмыс уақыты- мен санасқан емеспін. Жұмысқа мерзімінен бұрын келіп, паровоздың жүруге жарамды- лығын тексеремін. Сөйтіп сапарға шыққан сайын поездың жүру жылдамдығын әр са- ат ішінде 2—3 километр артығымен оры- нап, ай сайын 20—25 тонна көмір үнемдей- мін. Ұзақ жолға сапарға шыққанда смена сайын 20—30 сағат бойына үздіксіз жұмыс істейтін уақыт жиі кездеседі. Бұл міндет- ті әрдайым үлгілі орындадым.

Өнегелі жұмыс істегенім үшін быйыл «Үздік паровозшы» значогімен наградтал- дым. Теміржолшылар мерекесі алдындағы социалистік жарысқа ұштасумен күнделік өндіріс тапсырмасын артығымен орындап, 30 тонна көмір үнемдеуге серт берген едім. Бұл сертімді мұлтіксіз орындап келе- мін.

Батыр Қызыл Армияға еселеп мол көмек беру үшін жұмыс қарқынын күшейте түсе- мін.

Темірбек АХМЕТОВ,

Петропавл депосының бас машинашысы.

ПАРОВОЗШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕСІ

Петропавл паровозшылары Бүкілодақтық темір жолшылар мерекесінің хұрметіне жоспардан тыс 13 паровозды жөндеп шы- ғарды.

Депо жұмысшылары еңбек өнімділігін 150 процентке жеткізіп, жоспардан тыс көп отын үнемдеді.

Бас машинашы Батталов жолдастың па- ровоз бригадасының мүшелері өндірістік зор табысқа жетті. Бұл бригада өткен ай ішінде 23600 килограмм отын үнемдеді. Бригада техникалық шапшаңдық жөніндегі жоспарды 2 километр асырып орындады.

Батталов жолдастың көмекшісі Коновалов жолдас та жұмысты жақсы істеп, келеді. Ол 13400 килограмм отын үнемдеді. Техни- калық шапшаңдықты 2—3 километр артық орындап, паровоздың тәуліктік жүру мөл- шерін 4 километрдей арттырды.

Маликов жолдастың паровозшылар бри- гадасы социалистік жарыс туын жоғары ұстап, июль айының 15 күндік жоспарын едәуір артығымен орындады және жұмыс- тан тыс уақытта бір паровозды жөндеп шығарды.

Паровозшылар коллективі өндірістік тап- сырманы артығымен орындауға міндеттен- ді.

Е. МАЛАЕВ.

3-Прибалтика майданы әскерлерінің зор жеңісі

МАЙДАНДАҒЫ АРМИЯ, 19 июль. (ТАСС-тың арнаулы тілшісінен). Великая өзенін, оның тармақтарын, өзен маңындағы биік қулама жар мен көлдерді гитлершілдер ішке қарай тарамданған күшті бекіністі қорғану шебіне айналдырды. Көл араларына, дөңестерге, өзен жағалауындағы жазық алаңға дұшпан миналар қойып, тікенек сымнан бөгет жасады да көптеген атыс бекіністерін орнатты. Өзеннің жар қабағында мыңдаған атыс ұяларын, жер үйлер мен бекіністер және бірнеше траншеялар жасады. Сөйтіп әрбір метр ашық алаңға оқ жаудырып тұратын болды. Жау ұзақ уақыт табан тіресе қорғануға әзірленді.

Шабуылға әзірлік аяқталды. Бәрі де ойланп, бәрі де еске алынды. Зор оқылға болар алдындағы тыныштықтан кейін зеңбіректерімізден жауға нәсерлете оқ жаудырылды, авиациямыз моторы түрілдеп аспанға көтерілді де жауға бомба жаудырды. Жаудың бекінісін өрт түтіні жауып кетті. Дұшпанның инженерлік бекіністері күл-талқан болып аспанға ұшты. Зеңбіректеріміз дұшпанның ту сыртына оқ жаудырды. Жаяу әскерлеріміз де урысқа кірісті.

Дұшпанның нәсерлете оқ жаудыруына карамастан, 3-Прибалтика майданының әскерлері немістердің Великая өзені бойындағы қарсылығын жеңіп, дұшпанға ойсырата соққы берді де оны батысқа қарай қуып тастады. Ұрыс жедел күшейіп, жауға тұтқиылдан еселеп соққы берілді. Немістер кері шегінуге мәжбүр болды. Қызыл Армияның бөлімшелері жауды өкшелете қудалаумен бірге оның ту сыртына өтіп, екі жак өкпе тұсынан немістерге соққы берді де дұшпанның кері шегініп бара жатқан жолын кесіп өтті және немістердің әскер бөлімдерінің кейбір әскер топтарын тозғында-тып жойды.

Гитлершілдер қарсыласты, олар жаяу әскерлерін, танктері мен өздігінен жүретін зеңбіректерін қарсы атакаға шығарды. Дұшпан ешбір шығынға қарамастан, бөлімшелеріміздің шабуылын тоқтатпақ болды, бірақ кеңес жауынгерлері-

нің батырлық тегеуірінін тойтара алмады. Қызыл Армияның бөлімдері шабуылдың алғашқы күнінде Калинин және Ленинград облыстарының жүздеген елді жерлерін фашист басқыншылардан тазартты.

Шабуыл ұрыстарында авиациямыз бен жер бетіндегі әскерлеріміз күш біріктіріп, бірлесе қыймыл жасады. Самолеттеріміз қауырт атакаға шыққан жаяу әскерлеріміз бен танктерімізді бүркемеді, сөйтіп дұшпанның су шебіндегі көпірлерін талқандап, жаудың кері шегінуіне, тың күш еке-луіне кедергі жасады, авиациямыз дұшпанның тораптарындағы базаларға еселеп соққы берді.

Артиллериямыздың және авиациямыздың жәрдемімен жаяу әскерлеріміз жауды қыспаққа алуда. Остров қаласының оңтүстік жағында қыймыл жасаушы Н. бөлімі Великая өзенінен және Синяя өзенінің иінінен бөгелместен өтіп, Опочка-Остров тас жолындағы көпірді алды. Немістер жағдайдың мұндай болатындығын ойлаған да жок еді. Немістер бұл көпірді талқандауға үлгермеген еді. Кеңестің жүрдек бөлімшелері бұл әскер бөлімімен бірлесе қыймыл жасай отырып, немістердің екі батальондай жаяу әскерін қоршап алды да қару тастаудан бас тартқан гитлершілдердің бәрін қырып салды.

Кейде шабуыл жолдарында жарылғыш заттар орнатылған көпірлер де кездесті, бірақ оларды талқандауға дұшпан үлгермеген еді. Көп селолармен деревнялар өртен-бестен және талқандалмастан аман қалды, өйткені немістер кеңес бөлімдері былай қауырт алға басады деп ойлаған жок еді.

Кеңес бөлімдері орағыта маневр жасау нәтижесінде Калинин облысының аудан орталығы—Красногородское қаласы мен маңызды тас жол торабына жақын келді. Қаланың іргесінде қатты урыс басталды. Дәл осы кезде оңтүстік шығыс жақтан шабуыл жасап келе жатқан жаяу әскерлеріміз бен танктеріміз Великая өзенінен өтіп, қалаға басып кірді де қатты көше ұрыстарында немістердің қарсылығын жеңді. Жаудан көп олжа және адамдар қолға түсірілді.

П. БАРАННИКОВ.

9 баланың анасымын

Мен 9 баланың анасымын, менің 7 ұлым және 2 қызым бар. Балаларым Степан мен Михаил еріммен бірге майданда жауға қарсы айқасып жүр. Неміс басқыншыларға қарсы күресте батырлық көрсеткені үшін балам Степан екі рет наградталды.

Төрт балам мектепте оқып жүр. Олар колхоз жұмысына қатынасып, жан аямай еңбек етуде. Үлкен қызым Мария 5 клас-

та оқиды. Ол стахановшылар қатарына қосылды.

Тек кеңес елінде ғана көп балалы аналарға қамқорлық жасалуда. Біз аналарға қамқорлық жасағаны үшін көсеміміз Сталин жолдасқа алғыс айтамын.

Мен ұлдарым мен қыздарымды отан-шыл рухта тәрбиелеймін.

М. Ф. СУРКОВА.

„КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ҮШ ЖЫЛЫ“ ДЕГЕН КІТАПША ШЫҒАРЫЛДЫ

Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы Кеңес хабаршы бюросының «Кеңестер Одағының Отан соғысының үш жылы» (Соғыс және саяси қорытындылар) деген ха-

барын дербес кітапша етіп басып шығарды. Кітапшаның тиражы 300 мың дана.

(ТАСС).

Екі ұтыс тиражы

16 июльде, Москвада Одақтар Үйінің Октябрь залында екі ұтыс тиражы—екінші бесжылдың ұтыс қарызының (төртінші жылға арналған) 32-тиражы және КСРОның отан қорғау қуатын нығайту ұтыс қарызының 27-тиражы болды.

Екінші Бесжылдың ұтыс қары-

зының (төртінші жылға арналған) тиражында 273 миллион 920 мың сомның 1.670 мың ұтысы айналды.

КСРОның Отан қорғау қуатын нығайту ұтыс қарызының тиражында 67.818 сомның 410.750 ұтысы айналды.

(ТАСС).

Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының таңертеңгі хабары

ЛОНДОН, 20 июль. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің Жоғарғы командованиясі штабының бүгін таңертең жарияланған хабарында былай делінген:

«Қан қаласының оңтүстік және шығыс жағында ұрыстар болып жатыр. Троары бағытына қарай алға басқан одақтастар әскерлері осы қаладан жарты миль жердегі темір жолға жақындады. Мұнымен қатар, екінші бір бөлімдер Лувины мен Восельде жаудың әскерлерінің қалдықтарын жою

ісіне қатысып, Кормей және Иф деревняларынан дұшпанды түріп шығарды. Бұл деревнялардың оңтүстік және шығыс жағында бронетанк бөлімдеріміз жаудың бронетанк және танкке қарсы күштеріне қарсы урыс жүргізді. Әскерлеріміз Гренвиль және Жермен-Экто аралығында үздіксіз алға басып барады.

Одақтастар авиациясы дұшпанның соғыс орындарына шабуыл жасауда болды.

Италиядағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 20 июль. (ТАСС). Италиядағы одақтастар әскерінің штабы, Ливорноны алу нәтижесінде бұл армияның американдық бөлімдерінің 40 километрлік майданда Арно өзеніне жеткендігін хабар етті. Арноның оңтүстік жағындағы майданның бір учаскесінде жау әлсіз қарсылық көрсетіп тұр. Бұдан әрі, шығыс жақта Американың 5-армиясының бөлімдері дұшпанның алдыңғы саптағы әскерлеріне қарсы ұрыстар жүргізді, сөйтіп Чертальдо және Сандонато қалаларын жаудан тазартқаннан кейін, Арцонның батыс жағына қарай 3 кило-

метрден 4,5 километрге дейін алға басты. Ағылшынның 8-армиясының бөлімдері Монтеварки ауданында және одақтастар әскерлері алған Радда елді жері маңындағы биіктерде қатты ұрыстар жүргізді. Одақтастар әскерлері Раддадан солтүстік бағытқа қарай алға басты. Майданның Адриатик учаскесінде ағылшынның 8-армиясының бөлімдері Анконнан 12 километр жердегі Эзино өзенінде жаудың қарсылық жасауына кездесті. Одақтастар әскеріндегі италиян бөлімдері Санта Мария Нуова қаласын алды.

Югославиядағы ұрыстар

Югославия әскерлері Петлиц қаласын алды

ЖЕНЕВА, 18 июль. (ТАСС). Югославиядан алынған хабар бойынша, Югославия халық-азаттық армиясының штабы, Боснияда Югославия бөлімдерінің шабуылды ойдағыдай өрістете отырып, Петлиц қаласын алғандығын, жаудың 150ден аса солдатты мен офицерін өлтіріп, 30 солдаттың қолға түсіргендігін хабар етті. Дұшпаннан 2 зеңбірек, 10 миномет, станокты 30 пулемет, 370 винтовка тағы басқа соғыс мүлкі қолға түсірілді. Петровац ауданында жаудың моторлы колоннасы талқандалды. Дұшпанның 150 солдатты мен офицері өлтірілді, 17 жүк машинасы жойылды.

Ликкеде Бихач-Книн ауданында кескілескен ұрыстар болып жатыр. Дұшпанның 50

шақты солдатты мен офицері өлтірілді, жараланды. 10 жүк машинасы жойылды. Жаудың талқандалған колоннасының қалдықтары Бихачқа қарай зытты.

Куьтебте (Словения) Словения заводтары электр қуатымен жабдықтайтын электр станциясы жойылды. Электр станциясы үшін ұрыстарда жаудың 150 солдатты мен офицері қырылды.

Словенияда майданның барлық учаскесінде ұрыстар болып жатыр. Долинскі облысының оңтүстік-шығыс бөлегінде дұшпан шабуылға шықты.

Сербиядағы Ястревац төңрегінде болған қатты ұрыстардан кейін халық-азаттық армиясының бөлімдері жаңа шепке көшті.

Зеңбірек-самолеттердің Англияға шабуылы

ЛОНДОН, 18 июль. (ТАСС). Кеше Германияның зеңбірек-самолеттердің біраз үзілістен кейін тәулік бойына Англияның оңтүстік графтығына, оның ішінде Лондон ауданына шабуыл жасағандығын Англияның авиация министрлігі хабар етті. Біраз зиян болды, адам шығыны бар.

Жапонияның Сайпан аралындағы гарнизонының талқандалғандығы туралы жапон ставкасының хабары

ТОКИО, 18 июль. (ТАСС). Домей Цусин агенттігінің хабары бойынша, Жапонияның императорлық ставкасы, 7 июльде таңертең ерте Сайпан аралындағы жапон әскерлерінің ақырғы рет атака жасағандығын жариялады. Аралдағы жапон әскері 16 июльге дейін жойылған болу керек делінген хабарда. Сайпан аралындағы әскерлерді генерал-лейтенант Сайто басқарған. Соғыс теңіз күштерін контр-адмирал Нимура басқарған. Ұрыс қыймылдарының бұл майданындағы жапон әскерлерінің бас қолбасшысы вице-адмирал Нагумо да ұрыс кезінде өлген.

Виши генералын француз патриоттарының ұрлауы

ЖЕНЕВА, 18 июль. (ТАСС). Қызыл Армияға қарсы күрес жүргізу үшін Вишиде жасакталған француз «Легюнының» қолбасшысы генерал Лавальді 16 июльде белгісіз адамдардың ұрлап әкеткендігін немістердің бақылауындағы Париж радиосы хабар етті. Өз үйінен серуенге шыққан жерде генерал Лаваль баласымен бірге ұрланған.

Финдәр Швецияға жаппай ауыуда

СТОКГОЛЬМ. (ТАСС). Финляндиядан Швецияға босып шыққандар саны үсті-үстіне көбеюде. Ботни қолтығының Фин бұғазы бойында қайықпен жүруге тыйым салынғанына қарамастан, олардың көпшілігі қайықтармен Ботни қолтығы арқылы келіп жатқан көрінеді. Мұның үстіне, босқын-дар, әсіресе солдаттар Хапарандының солтүстік жағындағы шекарадан өте бастаған.

Шведтің «Арбетарен» газеті: «бейнесіз кеткен Финляндия» деген басмақаласында былай деп жазады: «Барлық жағынан қарағанда Финляндиядан босушылар саны күн санап көбеюде. Бұл сыяқты жағдай Финляндиядағы шын халді басқадан артығырақ сыпаттайды. Швецияға фин әскерлерінің бүтін отрядының қашып келу фактысы жеке адамдардың көптеп босуынан да өте мәте елеулі факты болып саналады. Бүтін отрядтың қашып шығуы бұған байланысты мәселенің қазір фин бөлімдерінде ашықтан-ашық талқыланып жатқандығын көрсетеді. Фин халқының шынбайына соғыстың батқандығы сондай, көп адамдар бұдан құтылудың ең соңғы амалы—өміріне қауіпті болса да босу әдісін қолдануға тырмысуда».

Парижден халықтың көшірілуі жөнінде Швейцария радиосының хабары

ЖЕНЕВА. (ТАСС). Швейцария радиосының хабары бойынша, Париж қаласының өкмет орындары, мүмкіндігі бар барлық халыққа Париждан көшуді ұсынған, өйткені қалада газ және электр жарығын берудің мүлде тоқтатылуы мүмкін көрінеді.

Жауапты редактор О. ОСПАНОВ.

Петропавл Микоян атындағы фабрик-завод училищесі 1944—1945 оқу жылына оқушылар қабылдайды.

Училище ет-комбинатында жұмыс істейтін мынадай мамандар: мал союшылар, шек газартушылар, консерв, шұжық жасаушылар, ет салатын сауыт жасаушы жұмысшылар дайындайды.

Училищеге 4—5 класс көлемінде білімі бар, 15тен 20 жасқа дейінгі адамдар қабылданады.

Оқуды үлгерушілерге айына 74 сомнан 112 сомға дейін стипендия беріледі. Оқушылар күніне үш мезгіл тамақпен, жатақ

үймен қамтамасыз етіледі. Оқу 1944 жылғы 15 августа басталады.

Училищеде оқыймын деушілердің мынадай документтері болуы хажет: паспорт немесе туған жылы туралы куәлік, білімі туралы куәлік, ата-анасы жұмыс істейтін ұйымының берген анықтамасы, оқуға түсу жөнінде өтініш, өмірбаяны, азық-түлік қарточкесін тапсырғандығы туралы анықтама.

Оқу мерзімі бір жыл.

Өтінішті мына адрес бойынша жіберу керек: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қарағанды көшесі 43-үй.

ДИРЕКЦИЯ.